



Олимпиаданың қола жүлдегерлерінің қатары екіге артты. Қазақстандық ауыр атлет Александр Зайчиков (105 келіге дейінгі салмақта) қосайыс

Алты Алаштың алтын ұлы

Рахымжан ӨДЕНҰЛЫ

Қазақ елі спортшылары үшін, Рио Олимпиадасының соңғы аптасы табыссыз болған жоқ! Әлбетте, дүбірлі додада қазақстандық жампоздар олимпиадалық жүлделер санын арттыруға бар жандарын салып-ақ бақты. Бұл ұмтылыстары нәтижесін берді де.

қорытындысымен 416 (223+193) келіне көтерді. Өзбек атлеті Руслан Нуриддинов 431 (194+237) келіні еңсеріп, Олимпиада алтынын жеңіп алса, күміс жүлде армян ауыр атлеті Симон Мартиросяның 417 (190+227) «қанжығасын майлады». Және бір қоланы қоржынға әйелдер күресінен Эльмира Сыздықова (69 келі

салмақта) салды. Алғашқы белдесуінде ресейлік Наталья Воробьевадан 1:4 есебімен жеңілген Эльмира, орыс қызының финалға шығуына байланысты жұбаныш белдесу мүмкіндігіне ие болған еді. Осы мүмкіндікті ол тиімді пайдаланды. Моңғол қызы Насанбурмо Очирбатты ұтқан соң, қола жүлде үшін өткен тартысты мысырлық Энас Мұстафа Юсеф Ахмедтен айласын асырды. Келесі күміс жүлдені осымен Жазғы Олимпиада ойындарына үшінші рет қатысып отырған Ольга Рыпакова әкелді. Ұзындыққа үш қарғып секіруден 2012 жылғы Лондон Олимпиадасында алтын алған отандас жеңіл атлетіміз, осы сайыста 14,98 метрге секіріп,

қола жүлдені қанағат тұтты. Күміс жүлде венесуэлалық Юлимар Рохосқа (14,98 метр) бұйырса, ал алтын медаль Колумбияның жеңіл атлеті Катрин Ибаргуэннің мойнына тағылды.

«Бір өкініш, бір бақыт» деген осы шығар, сіре! Олимпиада чемпионы ата-ну бақыты қол созым жерде тұрғанда, Алаш жұртшылығының «алтын медаль алса, осы алады» деген үміті бір-ақ сәтте үзілді.



(Жалғасы 6-бетте).

Аудандық мәслихатта

ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Жуырда аудандық мәслихаттың мәжіліс залында депутат Мұрат Мәткеновтың төрағалығымен тұрақты комиссия отырысы өтті. Комиссия отырысында ауыл-шаруашылық, өнеркәсіп, экология, құрылыс, байланыс, көлік және коммуналдық шаруашылық жөніндегі мәселелер қаралды. Жиынға аудандық мәслихаттың депутаттары, жергілікті мекеме басшылары, кент, село әкімдері қатысты. Осы комиссия отырысына Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының өкілі Асқар Сұлтанбеков қатысып, қазіргі

жағдайда автокөлік жолдарының сын көтермейтіндігін баяндады. Жиынға қатысқандар жолдың қазіргі ахуалын айта келіп 2018-2020 жылдарда қайта жөндеу керектігін сөз етті. Әсіресе, қыстыкүні қалың қардан жолды аршитын техникалардың ауданда мардымсыз екені айтылды. Сонымен қатар, ауылдық жерлердегі автокөлік жолдарының жүруге жарамсыз екені тілге тиек етілді. Осы мәселелер бойынша сұрақтар қойылып, алдағы уақытта атқаратын жұмыстарды шешу керектігі жайында кеңінен сөз қозғалды.

Екінші мәселе бойынша Жезқазған аймақтық аңшылар

мен балықшылар бірлестігінің төрағасы Төлентай Казенов хабарлама жасады. Осы хабарлама негізінде депутаттар өз ойларын ортаға салды. Аудан көлемінде аң-құстардың азайғандығын, сондықтан дер кезінде табиғатты қорғауға, аялауға барынша күш салу керектігін айтып өтті. Осы бағытта жұмыс атқаратын тиісті мекемелерге тапсырмалар беру жөнінде сөз етті.

Комиссия отырысы аталған екі мәселе бойынша депутаттардың ұсыныс-пікірлерімен толықтырылып, қорытындыланды.

Өз тілшіміз.

ТАҒАЙЫНДАУ



Ұлытау ауданы әкімінің 2016 жылғы 15 тамыздағы №283 Әкімімен Өткелбаев Ерлан Серікұлы Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары (өлеуметтік сала бойынша) лауазымына тағайындалды.

Өткелбаев Ерлан Серікұлы 1983 жылы Ұлытау ауданы Ұлытау селосында дүниеге келген. 2004 жылы Ө.Байқоңыров атындағы ЖезУ-дің «мемлекеттік және муниципалды басқару» мамандығы бойынша, 2006 жылы Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ің «құқықтану мамандығы бойынша бітірген. 2016 жылы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының «саясаттану» мамандығы бойынша өлеуметтік білім магистрі дәрежесі берілді. Литва Республикасы «Каунас» Университетінің, Латвия Республикасы Рига мемлекеттік академиясында білім алып, халықаралық саясаттану мастері біліктілігін алған.

Еңбек жолын 2005 жылы Ұлытау ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадрлармен жұмыс бөлімінің бас маманы; 2007-2010 жылдар аралығында Ұлытау ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадрлармен жұмыс бөлімінің меңгерушісі; 2010-2012 жылдар аралығында Ұлытау ауданы Қаракеңгір селолық округінің әкімі; 2012 жылдан осы мерзімге дейін Ұлытау ауданы әкімі аппаратының басшысы болып қызмет атқарып келеді. Жаңұялы.

2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТТІҢ ОРЫНДАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІ БЕКІТУ

Аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Т.Шайхынның баяндамасын тыңдап, талқылай келе аудандық мәслихат 2015 жылға арналған аудандық бюджеттің орындалысы жөнінде бірқатар жұмыстардың атқарылғанын атап өтті.

2015 жылғы Ұлытау ауданының бюджеті кірістер бойынша 3 966 690,6 мың теңгені құрады. Түсімдер болжамы 2015 жылға 3721132,0 мың теңге жоспарланғанымен 101,7% көлемінде орындалған.

Түсімдердің жалпы көлемінде 91,5%-ды меншікті кірістер, 7,8%-ды жоғары тұрған бюджеттерден берілетін трансферттер құрайды.

Ауданның меншікті кірістері 3 түрі бойынша: салықтық түсімдер 918 815,0 мың теңге, салықтық емес түсімдер 8 715,0 мың теңге, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 3 737,0 мың теңге көлемінде жоспарланған.

Меншікті кірістердің орындалуы 101,9%-ға қамтамасыз етіліп, 3 332 421,0 мың теңгеге түзетілген жоспарда 3 630 053,0 мың теңгені құрады.

2014 жылмен салыстырғанда меншікті кірістер түсімі 8 953,0 мың теңгеге ұлғайған.

Қарыздар 20 811,0 мың теңге сомаға түскен, жоспар - 20 811,0 мың теңге.

Осылайша, бюджет кірістерінде меншікті кірістердің 2013 жылғы 2 816 500 мың теңгеден (84,4%) 2014 жылғы 3 621 100 мың теңгеге және 2015 жылғы 3 630 053,0 мың теңгеге (91,5%) дейін өсу үрдісі орын алған.

Аудан бюджетінің шығыстары 4 402 175,0 мың теңге немесе жоспарға 99,6% көлемінде орындалған, бұл 2014 жылғы ұқсас көрсеткішінен 1,2%-ға немесе 51 208,5 мың теңгеге артық.

2015 жылғы бюджет шығындары 4 339 327,8 мың теңгені құрады, бұл 2014 жылғы деңгейден 44 303,8 мың теңгеге немесе 1,0%-ға артық. Орындалуы 4 357 787,0 мың теңгеге жоспарланғанымен 99,6%-ды құрады.

Алайда, түсімдер бойынша 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы 360 909,5 мың теңгеге аз.

Бюджеттік кредиттерді өтеуге 6 618,0 мың теңге көзделген, іс жүзінде 4181,5 мың теңгеге орындалған.

Қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер жоспарланбаған.

Салықтық емес түсімдер ауданның жалпы кірістер көлемінде 0,4%-ды немесе 14 098,0 мың теңгені құрайды, бұл 2014 жылда түскенге қарағанда 48 485,0 мың теңгеге аз.

2014 жылмен салыстырғанда негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 993,0 мың теңгеге азайған.

Бюджеттің шығыс бөлігі бойынша 2015 жылы 18 459,3 мың теңге игерілмеген, неғұрлым пайдаланылмаған бюджет қаражатының сомалары:

- құрылыс бөлімі бойынша – 006 «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы бойынша 10 446,2 мың теңге сомада өнім берушілердің шарт міндеттемелерін сақтамауы себебінен, 011 «Мәдениет объектілерін дамыту» бағдарламасы бойынша 1 535,1 мың теңге сомада және 037 «Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау» бағдарламасы бойынша 198,4 мың теңге сомада мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу кезінде үнемдеу салдарынан;

- аудан әкімінің аппараты бойынша 001 «Аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдар-

ламасы бойынша 368,1 мың теңге сомада бос қызметтің болуы себебінен, 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша 873,2 мың теңге сомада өнім берушінің шарт міндеттемелерін сақтамауы салдарынан, 006 «Аудан ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою» бағдарламасы бойынша 3 460,0 мың теңге сомада автомашинаны жеткізу бойынша өнім берушінің шарт міндеттемелерін сақтамауы салдарынан;

- ауылдық округтері әкімдерінің аппараттары бойынша 008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бағдарламасы бойынша 536,9 198,4 мың теңге сомада мемлекеттік сатып алудың қорытындылары бойынша үнемдеу салдарынан орын алған.

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының аудиторлық іс-шараларының нәтижелері негізінде Ұлытау ауданында бюджеттің атқарылуын бағалау бойынша Қарағанды облысының тексеру комиссиясы 2015 жылы тексеріс жүргізген.

Қорытындысында ауданның 21 мекемесінде Ұлытау ауданының аумағын дамыту бағдарламасының іске асырылуын бағалаумен, бюджет қаражатының және мемлекет активтерінің пайдаланылуын, жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылығын бақылаумен жалпы сомасы 2 136 879,0 мың теңгеге бюджет және өзге де заңнамасының бұзушылықтары орнатылған, оның ішінде қалпына келтірілуге 1 455 614,0 мың теңге, өтелуге 1 617 591,0 мың теңге жатқызылған. Осыларды қорытындылай келе төмендегідей тұжырымдар жасалған:

1) Ұлытау ауданының 2014-2018 және 2015-2019 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы әзірленбегендігін.

2) №827 Жарлыққа сәйкес Ұлытау ауданының аумағын дамыту бағдарламасы бес жылдық кезеңге әзірленген. Бұл ретте, бюджет процесінің бағдарламалық құжаттарын әзірлеу және бекіту кезінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бірыңғайлық пен біртұтастық, үздіксіздік, сабақтастық және дәйектілік қағидаттарын сақтамағандығын көрсеткен.

Сондай-ақ, жекелеген жоспарланған мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу тікелей мемлекеттік мекемелердің қызметінен тәуелді еместігін анықтаған.

Салдары ретінде жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Ұлытау ауданының аумағын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеген кезде заңнаманың жекелеген талаптарының сақталуын қамтамасыз етпегендігін көрсеткен.

Уәкілетті орган 2015 жылға арналған бюджеттік бағдарламалардың жобаларын қарау кезінде өзіне жүктелген құзыретті сапасыз орындау салдарынан әкімшілер бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын толық шамада сақтамағандығын анықтаған.

Бюджетті бекіту кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган 2015 жылға арналған бюджеттің жобасын қарау және айқындау мерзімдерін сақтамаған, соның нәтижесінде аудандық мәслихатқа аудан бюджетінің жоба-

ларын ұсыну мерзімдерін бұзған.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджет қаражатын пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылаудың нәтижелері бойынша заңнаманың түрлі бұзушылықтары мемлекеттік сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығын, әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестікті қамтамасыз ету бөлігінде мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу қағидаттарының сақталмауына алып келгендігін көрсеткен.

Жүргізілген бақылаумен және талаумен уәкілетті орган аудандық коммуналдық мүлікті есепке алуды ұйымдастыру және аудандық коммуналдық мүлікті басқару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бөлігінде функцияларды тиісті деңгейде орындамайтыны анықталған, олар:

- коммуналдық мүлікті жалдауға (жалға алуға) беру кезінде өндірілетін жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу кезінде коэффициенттің дұрыс қолданбауын;

- Ұлытау ауданы әкімдігінің аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін бекітпеуде, оларды бағалауды, паспорттауды, тіркеуді жүргізбеуде, объектілердің Ұлытау ауданы коммуналдық меншігінің құрамындағы есепте және ауданның коммуналдық ұйымдарының балансында болмауын;

- коммуналдық ұйымдардың активтерді түгендеуді жүргізу кезінде негізгі құралдарды Тізілімге енгізбеген.

«Жезбұлақ» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында бюджет қаражатының және мемлекет активтерінің пайдаланылуын бақылаумен жалпы сомасы 76 048,1 мың теңгеге бұзушылықтар орнатылды, оның ішінде бюджетке қалпына келтірілуге 58 432,1 мың теңге, өтелуге 146 мың теңге жатқызылған.

«Ұлытау аудандық көпсалалы коммуналдық шаруашылық кәсіпорны» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында жергілікті бюджет қаражатының және мемлекет активтерінің пайдаланылуын бақылаумен жалпы сомасы 167 275,2 мың теңгеге бұзушылықтар орнатылды, оның ішінде бюджетке қалпына келтірілуге 83 641 мың теңге және өтелуге 16,7 мың теңге жатқызылған.

Сонымен қатар, аудан бюджетін жоспарлау мен атқарудың тиісті сапасы кірістер бойынша, шығыстар бойынша да қамтамасыз етілмеген, нәтижесінде бюджет жүйесінің толымдылық, реалистік, негізділік, уақтылылық, жауапкершілік принциптері бұзылған.

Осы барлық фактілер аудан бюджетін жеткіліксіз сапалы жоспарлау мен әкімшілік ету жөнінде куәландырады, бюджет және өзге де заңнаманың бұзушылықтарына жол берілгендігін көрсетеді.

2008 жылғы 04 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, аудан әкімдігі ұсынған 2015 жылға арналған аудандық бюджеттің орындалысы туралы есепті қарастыра отырып, аудандық мәслихат

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. 2015 жылға арналған аудандық бюджеттің орындалысы туралы есеп қосымшаға сәйкес келесі көлемде:

1) Түсімдер – 3966690,6 мың теңге,

оның ішінде:

салық түсімдері – 3615158,2 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 14097,9 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 797 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 311645 мың теңге;

2) шығындар – 4339327 мың теңге.

3) таза бюджеттік кредиттеу – 16629,5 мың теңге.

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо:

қаржылық активтерді сатып алу – 35418 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджеттің тапшылығы – 6618 мың теңге;

6) бюджеттің тапшылығын қаржыландыру:

қарыздар түсімі – 6618 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 6618 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 6618 мың теңге болып бекітілсін (1-қосымша).

2. Аудандық бюджеттің орындалысының жылдық есебі бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Т.Шайхынның баяндамасы, аудандық бюджеттің атқарылуын бақылау нәтижелері туралы облыстық тексеру комиссиясының есебі және аудандық мәслихаттың бюджет пен қаржы, экономикалық реформа мен заңдылық және құқық тәртібі жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Н.Ақтаевтың есеп бойынша қорытынды жасалған баяндамалары еске алынсын.

3. Ұлытау ауданының әкімдігіне:

3.1. Аудан бюджетін жоспарлау мен атқару кезінде Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасы нормаларының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етумен бюджет жүйесі принциптерін қатал түрде басшылыққа алуды;

3.2. Мемлекет қаражатының тиімді пайдаланылуына ерекше назарды аударта отырып, бюджеттің атқарылуы үшін мемлекеттік мекемелердің – бюджет процесіне қатысушылардың жауапкершілігін арттыру ұсынылсын.

4. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне:

4.1. Нәтижеге қол жеткізумен, бұл ретте бюджет заңнамасының және мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ете отырып, бюджеттік бағдарламалардың сапалы және тиімді орындалуы бойынша қажетті шараларды қабылдау;

4.2. Анықталған бұзушылықтарды жою үшін Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының ұсынымдарын орындау жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

5. Аудан әкімінің бюджет саласындағы орынбасарынан (А.Мырзабеков) қабылданған шаралар туралы ақпаратты бір ай көлемінде ұсыну сұралсын.

6. Ұлытау аудандық мәслихатының кейбір шешімдері тізім бойынша осы шешімге 2-қосымшаға сәйкес күші жойылған деп танылсын.

7. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудандық мәслихаттың “Бюджет пен қаржы, экономикалық реформа мен заңдылық және құқық тәртібі жөніндегі тұрақты комиссиясына” (Н.Ақтаев) жүктелсін.

Ұлытау аудандық мәслихатының үшінші сессиясының төрағасы-мәслихат хатшысы Т.СЕЙТЖАНОВ

Ұлытау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 тамыздағы
№26 шешіміне 1 қосымша

2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТ

Са- на- ты	Сы- ны- бы	Ішкі сы- ны- бы	Атауы	2015 жылғы бекітіл- ген бюджет (мың теңге)	2015 жылғы нақты- ланған бюджет (мың теңге)	2015 жылғы түзетілген бюджет (мың теңге)	2015 жылдың орындалы- сы (мың теңге)
1	2	3	4	5	6	7	8
			I. КІРІСТЕР	3721132	3807632	3901505	3966690,6
1			Салықтық түсімдер	3331659	3560591	3560591	3615158,20
	01		Табыс салығы	4300	4300	4300	4652,70
		2	Жеке табыс салығы	4300	4300	4300	4652,70
	04		Меншікке салынатын салықтар	3296907	3526110,00	3526110	3572376,1
		1	Мүлікке салынатын салықтар	3275047	3507980	3507980	3551673,7
		3	Жер салығы	5760	5760	5760	5490,3
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	12200	10700	10700	13022,9
		5	Бірыңғай жер салығы	3900	1670	1670	2189,2
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	29416	29145,00	29145,00	36557,90
		2	Акциздер	76	76	76	76,2
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	25000	25000	25000	29870,8
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	4340	4069	4069	6610,9
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1036,00	1036,00	1036,00	1571,50
		1	Мемлекеттік баж	1036	1036	1036	1571,5
2			Салықтық емес түсімдер	500,00	1686,00	1686,00	14097,90
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	0,00	615,00	615,00	6645,00
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	0	0	0	4144,2
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	0	605	605	2491,7
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	0	10	10	9,1
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	0	3	3	8,20

		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	0	3	3	8,2
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	0	344	344	344,10
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	0	344	344	344,1
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	500	724	724	7100,60
		1	Өзге де салықтық емес түсімдер	500	724	724	7100,6
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	262	154	154	797
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	262	154	154	797
		1	Жерді сату	262	0	0	643,1
		2	Материалдық емес активтерді сату	0	154	154	153,9
4			Трансферттердің түсімдері	361282	217772	311645	311645
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	361282	217772	311645	311645
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	361282	217772	311645	311645
5			Бюджеттік кредитті өтеу	6618	6618	6618	4181,5
	01		Бюджеттік кредитті өтеу	6618	6618	6618	4181,5
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілетін бюджеттік кредиттерді өтеу	6618	6618	6618	4181,5
7			Қарыздар түсімі	20811	20811	20811	20811
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	20811	20811	20811	20811
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	20811	20811	20811	20811

2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУДАНЫҚ БЮДЖЕТ

Функ- цио- нал- дық топ	Кіші функ- ция	Бюд- жеттік бағдар- лама- лардың әкімшісі	Бағ- дар- лама	Атауы	2015 жылғы бекітіл- ген бюджет (мың теңге)	2015 жылғы нақты- ланған бюджет (мың теңге)	2015 жылғы түзетілген бюджет (мың теңге)	2015 жылдың орын- далысы (мың теңге)
1	2	3	4	5	6	7	8	9
				II. ШЫҒЫНДАР	3693703	4263914	4357787	4339327
01				Жалпы сипат- тағы мемлекеттік қызметтер	352699	388106	419391	417914
	1			Мемлекеттік басқарудың жал- пы функцияла- рын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа ор- гандар	288160	322880	354165	352698,3
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты- ның аппараты	18334	17735	17735	17734,5
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтама- сыз ету жөніндегі қызметтер	17384	17002	17002	17001,5
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	950	733	733	733
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	75533	84812	116097	114855,6
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызмет- тер	75533	80517	80517	80148,9
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0	4295	4295	3421,8
			106	Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы ор- ганның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу	0	0	31285	31284,9
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңы- зы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	194293	220333	220333	220108,2
			001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтама- сыз ету жөніндегі қызметтер	193674	214967	214967	214745,5
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	619	5366	5366	5362,7
	2			Қаржылық қы- змет	0	293	293	292
		459		Ауданның (об- лыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	0	293	293	292
			003	Салық салу мақ- сатында мүлкті бағалауды жүргізу	0	293	293	292,1
	9			Жалпы сипат- тағы өзге де мемлекеттік қызметтер	64539	64933	64933	64923,2
		458		Ауданның (облы- стық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолдаушылар көлігі және авто- мобиль жолдары бөлімі	10158	0	0	0
			001	Жергілікті дең- гейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолдаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласын- дағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10158	0	0	0

		459		Ауданның (об- лыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	30613	37348	37348	37343,4
			001	Ауданның (облы- стық маңызы бар қаланың) экономи- калық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемле- кеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мем- лекеттік саясатты іске асыру жөнін- дегі қызметтер	30613	36761	36761	36757,8
			015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0	587	587	585,6
		471		Ауданның (облы- стық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықты- ру және спорт бөлімі	12397	0	0	0
				Жергілікті дең- гейде білім, дене шынықтыру және спорт саласын- дағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12397	0	0	0
		492		Ауданның (облы- стық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолдаушылар көлігі, автомо- биль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	0	14779	14779	14776,5
			001	Жергілікті дең- гейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жо- лаушылар көлігі, автомобиль жол- дары және тұрғын үй инспекциясы саласындағы мем- лекеттік саясатты іске асыру жөнін- дегі қызметтер	0	14754	14754	14751,5
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0	25	25	25
		494		Ауданның (об- лыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі	11371	12806	12806	12803,3
			001	Жергілікті деңгей- де кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласын- дағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11371	12286	12286	12283,3
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0	520	520	520
02				Қорғаныс	6078	22944	22944	19572,5
	1			Әскери мұқтаждар	6078	10162	10162	10160,5
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	6078	10162	10162	10160,5
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберін- дегі іс-шаралар	6078	10162	10162	10160,5
	2			Төтенше жағдай- лар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	0	12782	12782	9412
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	0	12782	12782	9412
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдай- лардың алдын алу және оларды жою	0	12782	12782	9412

2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУДАНЫҚ БЮДЖЕТ

03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	0	360	360	360
	9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	0	360	360	360
		492		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	0	360	360	360
			021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	0	360	360	360
04				Білім беру	1442586	1487934	1492934	1492406
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	183640	164590	164590	164583,9
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	0	164590	164590	164583,9
			009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	0	39198	39198	39191,9
			040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	0	125392	125392	125392
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	183640	0	0	0
			003	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	48693	0	0	0
			040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	134947	0	0	0
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1235910	1186605	1191605	1191585
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	0	1186605	1191605	1191585
			003	Жалпы білім беру	0	1147866	1152866	1152845,6
			006	Балаларға қосымша білім беру	0	38739	38739	38739
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	1235910	0	0	0
			004	Жалпы білім беру	1190245	0	0	0
			005	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	45665	0	0	0
	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	23036	136739	136739	136237,8
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	0	50960	50960	50657,2
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0	11912	11912	11909,2
			005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	0	16150	16150	16150
			015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	0	2793	2793	2792,4

			022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	0	298	298	0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	0	19807	19807	19805,6
		467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	0	85779	85779	85580,6
			037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	0	85779	85779	85580,6
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	23036	0	0	0
			009	Ауданның (областық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	18000	0	0	0
			020	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	4738	0	0	0
			027	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	298	0	0	0
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	143137	140511	157384	157370,3
	2			Әлеуметтік көмек	114748	110279	127152	127142
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	114748	110279	127152	127142
			002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	21772	21736	25819	25817,5
			004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	6650	6650	6650	6650
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	800	1450	1450	1450
			006	Тұрғын үйге көмек көрсету	2420	2420	2420	2420
			007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	27680	27680	27680	27679,1
			010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	603	227	227	226,9
			014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	31242	26879	26879	26874,5
			016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	7499	7099	7099	7099
			017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	9872	9872	9792	9791,5

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалында

Рахымжан ӨДЕНҰЛЫ

Биылғы Мешін жылының екінші тоқсанынан бастап қолданысқа енгізілуге тиіс болған жаңа Жер кодексі, халықтың наразылығын тудырғаны белгілі. Осыған байланысты Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ағымдағы жылы 6 мамырда «Жер заңнамасының кейбір нормаларын қолдануға мораторий енгізу туралы» №248 Жарлығы күшіне енді.

Мемлекет басшысының осы Жарлығымен Жер кодексінің ел ішінде алаңдаушылық тудырған кейбір нормаларын қолдануға, 2017 жылға дейін тоқтау салынған-тын. Одан бір күн бұрын Елбасының төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген кеңесінде сөйлеген сөзінде Н.Назарбаев, елімізде жүр-

хаттың хатшысы Т.Сейтжанов және аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Е.Түсіпбеков Ұлытау, Қаракеңгір селолық округтеріне қарасты егін шаруашылықтарында болып, жер пайдаланушылармен кездесіп қайтты. «Қызылшың», «Бекетай-баба», «Асансейітов», «Бозбайтал» сияқты іргелі шаруа



ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ БАСТАДЫ

гізіліп жатқан жер реформасына тоқтала келе, жаңа Жер кодексіндегі мән-жайы бұқара халыққа жеткізілмегенін, қабылданған кодекстің тетіктері мен нормалары жұртшылықтың талқысына ұсынылмағанын атап айтқан болатын. Жұрттың наразылығына себепші болған Жер заңнамасын қайтадан егжей-тегжейлі қарастыру үшін Үкімет жанынан арнайы комиссия құруды тапсырған. Оның құрамына кірген еліміздегі барлық саяси партиялар мен БАҚ-тар, мүдделі органдар мен қоғамдық ұйымдардың мақсаты – жерге қатысты жаңа заңнамалардың мән-маңызын, мақсат-мүддесін жалпақ жұртшылыққа түсіндіру болды. Қазір еліміз бойынша аталған бағыттағы жұмыстар жандануда. Әсіресе, еліміздегі Бас партия – «Нұр Отан» партиясы түсіндірме жұмыстарын жүргізуде бел-

қожалықтарының тыныс-тіршілігімен танысқан олар, диқандар қауымымен жаңа Жер кодексіндегі заңдылықтарға түсініктеме берді. Алқаптардағы егіннің шығымын, шаруа қожалықтарының хал-ахуалын көзбен көрді. Шаруа қожалықтары иегерлерімен жүздесіп, жерге қатысты заңнамалықтардағы жаңа нормалар мен тетіктер, өзгерістер жөнінде көкейтесті сауалдарына нақтылы жауаптарын қайтарды ауданнан барған өкілдер. Әсілі, Жер кодексінің халық арасында қоғамдық резонанс тудырған кейбір нормалары қайта қарауды қажет ететіні ақиқат. «Жер емген» шаруаның мүддесіне қарама-қайшы заңнама қабылдаудың қажеті жоқ. Ал еліміздің Жер кодексіндегі өзгерістерге түсіндірме жұмыстарын жүргізгеннің еш артықшылығы жоқ!



сенділік, жауаптылық танытып отыр.

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы да осы бір аса маңызды істі құлшына қолға алды. Таяуда аудандық филиал төрағасының бірінші орынбасары Ж.Бабатаев, аудандық мәсли-

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының екіжақты тиімді ісі, өңірдің басқа да округтерінде жалғасын таппақ.

**Суреттерде: егін алқаптарын-
дағы кездесу сәттері.**

Алты Алаштың алтын флы

(Соңы. Басы 1-бетте).

91 келіге дейінгі салмақта сынға түскен боксшымыз Василий Левит, финалда ресейлік Евгений Тищенко-дан «жеңіліп қалды»! Василий осыған дейін 1/8 финалда қытайлық жас боксшы Юй Фэнкайды есінен танды-

қазір әлем жұртшылығы айыптауда! Негізі дәл осындай сатқындық О.Сәттібаевқа, Қ.Ералиевке де жасалған. Марапаттау рәсімінен кейін В.Левит күміс медальді бірден қалтасына салып алды. Спорттан да әділеттілік кеткеніне, төккен тердің, есіл еңбектің бағаланбағанына өкінгені шығар... Ал



рып, бапкерлері «алаңға ақ орамал тастаған» болатын. Дәл осы қытай боксшысы 2013 жылғы әлем чемпионатында Астана төрінде В.Левитті сұлатып кеткен еді. Айызы қанып сабай алмаса да (қытай бапкерлері

тағы бір үмітіміз Әділбек Ниязымбетов (81 келіге дейін) финалда кубалық боксшы Хулио Сесар ла Крустан ұтылып, күміс жүлдегер атанды. Қазақстандық тарлан боксшы Данияр



жекпе-жектері мерзіміне жетпей 2 раундта-ақ тоқтатты), Юйдің қабағы жарылып, есе қайтқан. Ширек финалда Вася Маврикий елінің боксшысы Кеннеди Сен-Пьерді (3:0), жартылай финалда кубалық Эрисланди Савонды (3:0) айқын басымдықпен жеңген еді. Ал финалда ресейлік Евгений Тищенконы бұрыштан-бұрышқа қуып сабағанда да, сатқын төрешілер Васямызға қиянат жасап жіберді. 0:3 есебімен жеңісті Е.Тищенкоға беріп, соның қолын көтергенде жанкүйерлер ысықырып, наразылық білдіріп жатты. Тіпті салтанатты марапаттау рәсімінде, ресейлік спортшыға алтын медаль тапсыру сәтінде де халық орнынан көтеріле қарсылық танытты. Ал В.Левит болса нағыз спортшы екенін көрсетті! Сұқ саусағын еріндеріне көлденең тигізген ол, арена толы халықтың тынышталуын сұрады. Сөйтіп қиянатқа қасқая қарсы тұра білді, нағыз жас боксшы екенін паш етті төрткүл дүниеге! Қазақ елінің спортшысына жасалған қиянатты

Елеусинов (69 келі салмақта) дәл осы салмақта алтын алған ағалары Б.Артаев (Афины), Б.Сәрсекбаев (Бейжің) және С.Сәпиевтің (Лондон) ерліктерін қайталап, Рио Олимпиадасының чемпионы атанды. Осыған дейін де шаршы алаңда талай атой салған Данияр, финалда өзбек елінің боксшысы Шахрам Гиясовпен қолғап түйістіріп, мысын басты. Даниярды «алтын ұл» демей, не дейміз?! Осылайша қазақ спортшыларының қоржынына және бір алтын түсті. Жарайсың, Данияр! Жаса, Қазақ елі!

Тәуелсіз Қазақстан өзiрге 3 алтын, 3 күміс, 6 қола медальмен Олимпиада жүлдегерлері кестесінің 16-шы орнында тұр. Жеңісті күндер жалғасын тапсын!

Суреттерде: Алаштың алтын ұлы Данияр Елеусинов; «жеңілген жеңімпаз» Василий Левит; Рио Олимпиадасының қола медаль иегерлері Эльмира Сыздықова мен Ольга Рыпакова.

21 тамыз – Спорт және Туризм күні

Ел Президенті Н.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты дәстүрлі Жолдауында «Денешынықтыру және спорт мемлекеттің қамқорлығында болуы қажет. Саламатты өмір салты халықтың денсаулығының кілті болуы керек» деп атап көрсетті.

Шын мәнінде, спорт адам бойына мықтылық, жолдастық, отаншылдық сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелейді. Әлбетте, «тәні саудың жаны сау». Осы тұрғыда спорт пен саламаттылықтың пайдасын тәптіштеп түсіндіргеніміз абзал. Спортты сүйген адам өзінің елін, көк байрағын да сүйіп өсетіні шүбәсіз. Елбасының 2003 жылғы қарашаның 15-індегі Жарлығына сәйкес жыл сайын тамыздың үшінші жексенбісі Спорт және туризм күні ретінде аталып өтіледі. Осы мереке қарсаңында Ұлытау ауданының жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Марғұлан Сәбденовпен сұхбаттасудың сәті түсті.

— **Марғұлан Боранбайұлы, сауал қоймас бұрын сізді төл мерекеңізбен құттықтаймын. Енді әңгіме барысын спорт мектебіне аударсақ. Сіз басқарып отырған спорт мектебі елін сүйетін шымыр да шыныққан, өмірге құштар сергек те серпінді жас ұрпақты спортқа баулитын орын. Ал, бүгінгі күні спорт мектебінде жасөспірімдер спорттың қай түрімен жаттыға алады?**

— Мерекемізбен құттықтап отырсыз, рахмет! Біздің мектепте спорттың 8 түрімен жаттыға алады. Қазақ күресі,

жарған шәкіртіміз Бекзат Сәдір, Әділет Бейбіт, Асылхан Төлеген, Данияр Қойшығара ауданымыздың намысын қорғап жүлдемен оралды. Ал, боксқа келетін болсақ, бұл Қарсақбай кентінде жақсы дамып тұр. Онда балғын былғары қолғап шеберлерінің жаттықтырушысы Серік Мүшіріп. Олардың нәтижелері айтарлықтай, үстіміздегі жылы бокстан республикалық турнирде Бақытжан Ертай бірінші орынды қанжығасына бөктерді. Облыстық біріншілікте де Серіктің былғары қолғап шәкірттері ауданымыздың мерейін асқақтатты. Тағы бір айта

жайында не айтасыз?

— Сұрағыңыз орынды. Бұған әрине, келісемін. Сәттар Бердалин кезінде ауданымыздың намысын қорғаған белді балуан. Сонымен қатар, спорт саласының өркендеуіне елеулі үлес қосқан айтулы тұлға. Өмірінің соңына дейін денешынықтыру мен спорт саласының дамуына атсалысты. Бүгінгі күні дзюдо, самбо, күресінен спорт шебері атанған азматтардың бірқатары Сәкеннің шәкірттері. Оған ешкімнің дауы жоқ. Сондықтан, келешекте Сәттар Бердалинді еске алуға арналған турнир өткізу менің де ойымда бар. Алдағы уақытта Сәкеннің шәкірттерімен ақылдаса отырып, жоспарға енгізіп, турнир өткізу ойымызда. Мұны аудан жұртшылығы қолдауға тиіс. Өйткені, С.Бердалин ауданымыздағы спорт саласының дамуына еңбегі сіңген белгілі бапкер, мықты балуан.

— **Марғұлан Боранбайұлы, бала жасыңыздан спортты жаныңызға серік еткен азаматсыз. Спорт**



рапатталып, бас жүлдені жеңіп алдым. Сол жылы «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атандым. Жалпы спортқа баулыған ұстаздарым, ал, спортқа қызығушылығымды оятқан әкем.

СПОРТ —

отаншылдығың денекері

самбо күресі, дзюдо күресі және волейбол, баскетбол, үстел теннисі бар. Екі дербес бөлімшеміз Қарсақбай мен Қаракеңгірде. Онда «тоғызқұмалақ» ойыны мен бокс секциялары қарқынды дамып келеді. Әр спорт түріне өз таңдауымен



374 бала қатысып, біздің мектепте жаттығып жүр. Спорт кешені пайдалануға берілсе спорт секцияларын көбейту ойымызда бар.

— **Спорт мектебінің басты мақсаты спортқа бейім, бойында қабілеті бар жасөспірімдерді елге таныту. Осы тұрғыда қай спорт секциясының жұмысын жоғары қояр едіңіз. Осыған қысқаша тоқтала кетсеңіз...**

— Қазіргі таңда алдыңғы қатарда тұрған қазақ күресі, дзюдо, самбо осы — үшеуіне қатысып жүрген балғын балуандарымыз бүгінгі күні жеңіс тұғырынан көрінуде. Мұның нәтижесін айтатын болсам, шәкіртіміз Нұрғиса Мырзабек республикалық «Жас барыс» турниріне қатысып екінші орынға иеленді. Астана қаласында өткен Жастар арасындағы қазақ күресінде Ернат Төлеш «Қазақстан чемпионы» атанды. Қазақ күресінен облыстық біріншілікте Еламан Ізтілеуовтың бағы жанып, бірінші орынды еншіледі. Самбо күресінен кіші жасөспірімдер арасындағы облыстық біріншілікте топ

кететін жәйт спорт мектебінде бүгінгі күні волейбол секциясы кең өріс алып дамып келеді. Осы волейбол секциясының жетекшісі, әрі жаттықтырушысы Қарағанды қаласынан келген бірінші санаттағы тәжірибелі маман Қалыбек Жақыпбеков. Бұл азаматтың атқарған жұмысына көңіліміз толады. Бүгінгі күні спорт басшысы ретінде алға қойған мақсатым қасиетті Ұлытаудан Әлем чемпиондары мен Олимпиада чемпиондарын шығару, осы бағытта жұмыс жүргізуді қолға алудамыз.

— **Ұлытау өңірінде самбо, дзюдо, еркін күрестердің шам-шырағын жаққан, оны дамытуға сүбелі үлес қосқан апайтөс балуан, белгілі бапкер (марқұм) Сәттар Бердалин еді. Оған сөз жоқ, келісесіз ғой. Бүгінгі күні спорт саласында жүрген азаматтардың біразы Сәттардың шәкірттері. «Өлі разы болмай, тірі байымас» деген қанатты сөз бар қазақта. Сіздердің тараптарыңыздан Сәттар Бердалинге арнап турнир өткізу ойларыңызда бар ма? Осы**

шеберісіз. Спорт мектебінің түлегісіз. Балғын шағыңызда спортпен айналысуға кеңес беріп, ықпал жасаушылар болды ма? Әлде өзіңіздің спортқа деген қызығушылығыңыздың әсері ме?

— Әрине, өзімнің де спортқа құштарлығымның болғаны рас. Бірақ, жас кезімде спортпен шұғылдануыма әкемнің ықпалы болды. 1980 жылы (марқұм) Боранбай әкем мені жетектеп алып, спорт мектебінің директоры Сәттар Бердалиннің алдына алып барғаны өлі есімде, ол кезде небәрі жеті жаста едім. Алғашқы бапкерім С.Бердалин болды. Сол кісінің қарамағында самбо күресімен жаттықтым. Кейіннен Есілбай Әжженовтың жаттықтыруымен дүбірлі додаларға қа-

— **«Спорт – денсаулық кепілі». Спортпен айналысқан жас жеткіншек алмас қылыштай жарқылдап, бойында намыс оты жалындайтыны сөзсіз. Таяу арада аудан орталығындағы «Спорт» кешені де пайдалануға беріліп қалар. Жаңа ғимаратқа қоныс тебетін күнде алыс емес. Қазіргі көңіл-күйіңіз қалай?**

— Иә, қазір біз өте көтеріңкі көңілдеміз. Аудан орталығында «Спорт» кешені бой көтеруде. Сондықтан, ең бірінші аудан әкімі Хамит Нұрланұлына алғысымыз шексіз. Спорт саласының дамуына әсіресе, өскелең ұрпақтың заман талабына сай спортпен шұғылданыуына зор ықпал жасап отыр. Біз, тек келешекте ауданымызда спорттың әр



тыстым. Осы бапкерлерімнің арқасында самбо күресінің сан-қырлы айла-тәсілдерін үйрендім.

1993 жылы Жаңаарқа ауданында өткен самбо күресіне қатысып, КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Диханбай Биткөзовтің арнайы жүлдесімен ма-

түрін өркендетуіміз қажет. Бұл бізге жүк-телер үлкен міндет қой.

— **Ашық әңгімеңізге рахмет. Табыс тілейміз!**

Әңгімелескен Қайрат ЖҰМАБАЕВ.

2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТ

			023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	630	762	13632	13629,5			467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	0	140431	140431	129984,8
			052	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	5580	5504	5504	5504				006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	0	140431	140431	129984,8
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	28389	30232	30232	30228,3		3			Елді-мекендерді көркейту	62145	124951	124951	124414,1
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	28389	30232	30232	30228,3			123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	62145	124951	124951	124414,1
